



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Парламент Мәжілісінің депутаттары ант берді

VIII сайланған Мәжілістің жаңа депутаттары палатаның жалпы отырысында Қазақстан халқына адал қызмет етуге ант берді.

Бұл жаңадан сайланған депутаттардың бірінші жалпы отырысы.

«Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарын мүлтіксіз орындауға, маған жүктелген депутаттық жоғары міндеттерді адал атқаруға ант етемін», деді жаңадан сайланған депутаттар.



Айта кетейік, елімізде 2023 жылдың 19 наурызында Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауы өтті.

«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы - 6, «АМАНАТ» партиясы - 40, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы - 8, Жалпыхалттық социал-демократиялық партиясы - 4, «Қазақстан Халықтық партиясы» - 5 және «Respublica» - 6 мандат алды. Сонымен қатар Мәжіліс депутаттарының толық тізімі жарияланған еді.

28 наурызда ОСК партиялық тізім бойынша VIII шақырылымдағы Мәжіліс депутаттарын тіркеді. Тиісті қаулы қабылданғаннан кейін депутаттарға куәліктер мен төсбелгілер табыс етілді.

1 наурыздағы жағдай бойынша 84,7 мың отбасындағы 444,9 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Быыл осы мақсаттарға бюджеттен 73,9 млрд теңге бөлінді. АӘК отбасының әрбір

жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда 1,5 АЕК мөлшеріне (2023 жыл – 5 175 теңге) ауыстырылды.

1 наурыздағы жағдай бойынша АӘК алушылар қатарындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қоса

Биыл 84,7 мың отбасы атаулы әлеуметтік көмек алды

мүшесіне жан басына шаққандағы орташа табысы өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ынан төмен азаматтарға тағайындалады.

Осы жылдың 1 қаңтарынан бастап берілген кепілдендірілген әлеуметтік топтама көмектің табиғи нысанынан, монетизациялау форматына қосымша төлем түріне 1 жастан 6

алғанда – 134,1 мың балаға қосымша төлем тағайындалды.

Қазіргі уақытта қазақстандықтар АӘК тағайындауға өтінішті тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту орталығында, ауыл округінің әкіміне сондай-ақ egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы бере алады.

«Созақ үні»-ақпарат.



Алдағы 5 жыл ел тағдыры шешілетін маңызды кезең болмақ

Мемлекет басшысы алдағы 5 жылдың ел үшін ең маңызды кезең екенін айтты.

Қасым-Жомарт Кемелұлы нақты басымдықтарға мән беруді тапсырды.

«Нақты басымдықтар форматында жұмыс істеу керек. Аса маңызды мәселелерді дереу шешу қажет. Бірақ кейбір мәселені кейінге қалдыруға, ал бірқатары бойынша алдағы шешімдердің тек жобасын белгілеуге тура келеді. Әйтпесе, еңбегіміз зая кетеді және қолда бар ресурстарымызды сарқып аламыз», деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет

басшысы алдағы 5 жылдың маңызды кезең болатынын атап өтті. Сондықтан да біршама өзгерістер қажет екенін айтты.

«Алдағы бес жыл ел тағдыры шешілетін маңызды кезең болмақ. Елімізді қарқынды дамыту үшін сапалы заңнамалық база қалыптастыру керек. Ол үшін экономикаға қажетті ережелер мен қағидаларды өзгерту қажет», деді ол.

Маңызды өзгерістер үшін қазірдің өзінде қадам жасалғанын айтып, бет алған бағыттан жаңылмау керекін атап өтті.

«Бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалды. Моно-

полиядан арылту және елімізден заңсыз шығарылған капиталды қайтару жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл елімізге орнықты, бәсекеге қабілетті ірі бизнес керек емес дегенді білдірмейді. Керісінше, қажет екені сөзсіз және біз оны қолдаймыз. Ірі бизнес біздің жаңа экономикалық парадигмада жаңаша жұмыс істей бастайды әрі міндетті түрде дамиды. Жалпы ашық әрі өзін-өзі қамтамасыз ететін нарықтық экономика қалыптастыру басты басымдық болып қала береді», деді Мемлекет басшысы.

Президент орта бизнес мәселесін жеке бақылауына алды

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке депутаттармен бірлесіп орта бизнесті дамытудың тың тәсілдерін әзірлеуді тапсырды.

Мемлекет басшысы ел экономикасын ілгерлетуде маңызды рөл атқаратын бағыттарды дамыту бойынша нақты тапсырмалар берді.

«Ең бастысы, мемлекеттік қолдауға ие болатын жобаларды іріктеу ашық өтуге тиіс. Жобаның нақты әлеуметтік-экономикалық тиімділігін ескеру қажет. Осы орайда, Үкіметке депутаттармен бірлесіп, орта бизнесті дамытудың тың тәсілдерін әзірлеуді тапсырамын. Өйткені орта бизнес ел экономикасын дамыту ісінде басты рөл атқарады. Бұл мәселе менің жеке бақылауымда болады», деді Президент.

Сондай-ақ ауқымды жобаларды отандық кәсіпкерлер атқару керекін атап өтті.

«Біз нақты индустрияландыруға, жергілікті өндірісті дамытуға, инфрақұрылымды



жаңғыртуға баса назар аударуымыз қажет. Бюджеттен қаржыландырылатын ауқымды жобаларды, ең алдымен отандық кәсіпкерлер жүзеге асыруға тиіс», деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Көшеңнің тазалығы-өзіңе тарту

Көктемнің қоңыр желі ескелі бері яғни, ақпан айының соңғы күндері, наурыз айының бірінші күндерінен бастап аудан тазалық жұмыстары алдымен қолға алынған іс болды. Аудан басшысы өзінің тырнақалды алғашқы жұмысын ауыл сыртындағы қоқыс алаңын тазалаудан бастады. Одан кейін аудан әкімдігінде көркейту-көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарына қатысты бірнеше мәрте тазалық жөнінде мекеме, бөлім басшыларының басын қосқан жиындар өтті. Онда мекеме, бөлім басшыларына Шолаққорған ауылының ішкі көшелеріне бекітіп, нақты жүйелі тапсырмалар берді. Қазіргі таңда тазалық жұмыстары күн тәртібінен түспейді. Одан бері де барша аудан жұртшылығы аудан аумағында өткен «Таза ауыл» эко-акциясына қатысуға шақырған үндеу жарияланды. Бұл акция алдағы сәуір айында түгелімен жүреді.

Әрине, әрбір созақтықтар өзі тұрып жатқан мекенінің, көшесінің тазалығына деген жауапкершілігін сезініп, жанашырлық танытып, айналасын тазалап, сенбіліктерге белсене қатысса, әрбір ауыл, аула, көше таза да көрікті болары сөзсіз!

«Әрбір тұрғын өз аулаңыз бен көшеңіздің тазалығын қамтамасыз ету арқылы көктемді жаңа көрікпен қарсы алуына үлестеріңізді қоса аласыздар!»

«Тазалық – ортақ іс» деген ұстаныммен барлықтарыңыз туған жеріміздің тазалығына үлес қосады деп сенеміз!

Көктем айларында барлық ауыл тұрғындары өздерінің тұрып жатқан көшелерінде қоқыстарын шығарып, талдарды ақтап, тазалық жұмысын жүргізбейді. Менің байқап жүргенім қай көшеде болмасын тұрғындар тазалық жұмыстарына салғырттық танытып отыр. Көбіне мекемелердің қызметкерлері ғана шығып жүр. Былайша қарап отырсаң ұят нәрсе ғой. Үйіңнің маңайын қайдағы бір мекеме қызметкерлері тазалап жүргенде үйлерінде қалайша шай ішіп отырады. Мүмкін ішкі істер бөлімі арқылы айып пұл салдыру керек шығар. Ауылың мен көшеңнің таза болуы әрбір азаматтың өздеріне жақсы емес пе?

Туып, өскен жеріміз болған соң әркімге де ауылы ыстық болуы керек. Біздің ауданның халқы кішіпейіл, қонақжай, кеңпейіл, ендігі сәтте тазалыққа кең құшақ аша білсек ауылымыз ажарлана түсер еді.

Әйтсе де ауылдастарымыздың тазалық жөніндегі түйсігі мен мәдениетін, түсінігін әлі де көтеру керек.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Мектепте өткен эз-Наурыз

Наурыз мерекесі-халқымыздың асыға күтетін мейрамдарының бірі. Наурыз күн мен түннің теңеліп, тіршіліктің тамырына қан жүгіртіп, табиғатқа нәр беріп, адамзат баласына қуаныш ала келетін көктемнің берекелі мерекесі.

«Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру, қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білу

Ұлттық нақышта киінген әжелеріміз бен балапандарымыз мерекенің шырайын кіргізді. Ән айтылып, би биледі. Салт-дәстүрден көрініс көрсетіп, ортада кішкентай балапанның тұсауын кесті.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері ортада қазақтың ұлттық ойындары, арқан тартыс пен асық ойындарын ұйымдастырды. Әжелеріміз ақ батасын беріп,



мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің 1 сынып мұғалімі Дүйсембекова Нұргүл апайдың ұйымдастыруымен «Наурыз думан» атты мерекелік іс-шарасы өткізілді. Мерекелік думанды ата-аналар өздері жүргізіп, кішкентай бүлдіршіндердің өнерлерін бірге тамашалады.

наурызға жақсы тілектер айтты.

Мектеп табалдырығын енді аттаған жас бүлдіршіндер ерекше сезімде болып, мерекені өте жоғары деңгейде ұйымдастырған сынып жетекшілері Нұргүл апайларына алғыс жаудырды.

**А.ТАСТЕМИРОВА,
ата-ана.**

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Жартытөбе ауыл округі тұрғындарымен кездесті. Биылғы жылы аудан көлемінде атқарылар жоспарларымен бөлісіп, ауыл округке қарасты елді мекендерде жасалатын жұмыстарды баяндады.

Алдымен баршаңызды күллі мұсылман әлемінің ең қастерлі мерекесі қасиетті-Рамазан айының келуімен құттықтаймын! Бүгін міне сіздердің мұң-мұқтажы-



Иманқұллы көшесіне жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, Әлімқұлов және Төлебаев көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізіледі. Аққолтық елді мекенінің 5 көшесіне орташа жөндеу жұмыстарын да жоспарымызға енгізіп отырмыз. Аталған жұмыстардың орындалу барысын өзім толықтай бақылауымды ұстайтын боламын,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

ЖАРТЫТӨБЕ АУЫЛ ОКРУГІ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

рыңызды тыңдап, шешу жолын қарастыру үшін келіп отырмыз. Бұған дейін де бірнеше мәрте кездесіп, ұсыныс-пікірлеріңізді тыңдап, қажетті жұмыстарды атқардық. Тек белгіленген кестеге сай ғана емес, басқа уақыттарда да жиі келіп, елді мекендерді аралап тұрамын. Биылғы қыс мезгілі біраз әбігерге салып, әр кез осындағы боран мен еріген қар суының салдарын жою мақсатында жасалған жұмыстардың басында болдым. «Бірлікті ел бұзылмас» дегендей, мына сіздердің ауызбіршілікте болуларыңыз арқасында қиындықтың бәрін дер кезінде еңсере білдік. Енді міне сіздермен көктемнің шуақты

күнінде кездесіп, атқарылу керек мәселелерді талқылаудамыз. Тек мұндағы емес, жалпы аудан бойынша жасалу керек мәселелер маған етене таныс. Өткен жылы Жартытөбе ауыл округінде халық сұранысына сай көптеген жұмыстар атқарылды. Әрине, биылғы жылға да жоспарларымыз көп. Баба елді мекенінде «Бекери» шұңқырының құрылысы мен Есжанов көшесіне жарықтандыру жұмыстарын жүргізу үшін қаржысы қарастырылды. Жартытөбе ауылдық мәдениет үйінің жылу қазандығын орнату үшін аудан әкімдігінің мәдениет, спорт және тілдерді дамыту бөлімі арқылы ағымдағы жылы жөндеу жұмыстары басталады. Сонымен қатар,

Ауыл тұрғындары аудан әкімдігі тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға қолдау білдіріп, ауыл ақсақалдары ақ батасын берді. Сондай-ақ бірқатар ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Сала бойынша көкейде жүрген сұрақтарын қойып, тиісті мамандар тарапынан жауап берілді. Аудан басшысы тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныстарды назарға алынып, тиісті жұмыстар жасалатынын айтты.

Есептік жиыннан соң «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасында болып, жайкүйін бақылады. Ондағы балалардың тыныс-тіршілігімен танысып, тәрбиешілердің жұмыстарына сәттілік тіледі.



ҚҰМКЕНТ АУЫЛ ОКРУГІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҰСЫНЫС ПІКІРІН ТЫҢДАДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің есептік жиыны Құмкент ауыл округінде жалғасып, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Сонымен қатар, биылғы жылы атқарылар жұмыстар легіне тоқталып өтті.

Сіздерді толғандырып жүрген әлеуметтік және басқа да өзекті мәселелерді бірге талқылау үшін келіп тұрмыз. Құмкент ауыл округі бойынша атқарылу керек жұмыстар көп. Тек мұнда ғана емес, басқа да кент, ауыл округтерде де өзекті мәселелер жетерлік. Әрине, барлығын бір жылда атқара салу мүмкін емес. Аудан орталығынан шалғай қалып, тау бөктерінде орналасқан көшелеріне асфальт, жарықтандыру сынды жұмыстары жүргізілмеген елді мекендер бар. Биыл сол елді мекендерге көбірек көңіл бөлудеміз. Бұл нәрсе ауданның қаржысы толықтай жетпейді деп қарап отырамыз деген сөз емес. Тиісті жұмыстарды қолға алып, демеушілер тартып, түйткілді мәселелерді қажеттілігіне қарай кезең-кезеңімен шешетін боламыз. Құмкент ауыл округінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ демеушілігі арқылы Амангелді және Берденұлы көшелеріне, «Қазфосфат» ЖШС арқылы Абай және Уа-

лиханов көшесіне жарықтандыру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырмыз. Облыстық маңызы бар, «Жамбыл облысының шекарасынан-Құмкент-Шолаққорған» бағытындағы жолдың құрылыс жұмыстарын да толықтай бақылаудамыз. Аудан деңгейінде шешілетін мәселені аяғына дейін жеткіземіз. Ауқымды ұсыныстарды тиісті жерге мәселе етіп көтереміз. Біз үшін басты міндет — сіздерге адал қызмет ету. Елге келгендегі ең басты мақсатым да осы,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Тұрғындар бірқатар мәселелерді алға тартып, көкейде жүрген сауалдарын жеткізді. Аудан басшысы халықпен кездесудегі басты мақсатымыз ұсыныстарыңызды тыңдап, шешу жолдарын бірге пысықтап алу екенін айтты. Көтерілген мәселелерді хаттамалық тапсырмаға енгізіп, шешу үшін қажетті уақытын белгілеп, ауыл округ әкімі мен тиісті бөлім, мекеме басшыларына тапсырма берді. Жиын соңында ауыл ақсақалдары атқарылып жатқан жұмыстарға қолдау білдіріп, батасын берді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Мезгіл 2022 жылдың өткен қоңыр күзі, қазан айының қасиетті жұма күні болатын. Түс әлетінде әріптес, іні-дос Сабырбекке жолықпақ болып облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакциясына келгенмін. Аmandық-саулықтан соң ол өзінің Досекеңді күтіп отырғанын айтты. Оның Досекең еп отырғаны-белгілі қоғам қайраткері, Түркістан облысының Құрметті азаматы, өңірімізге танымал жан Досыбай Айтбайұлы Шерімқұлов. Комсомол, партия, кеңес, кәсіподақ органдарында түрлі жауапты қызметтерде болған сырбаз да сындарлы азамат. Сұрастыра келе білгеніміз-кезінде шалғайдағы Созақ ауданында ұзақ жыл тұрып, жемісті жұмыс атқарған, Теріскей елінің бір қызындай болып кеткен аяулы ана, жақсы жар, алтын әже, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер (кезінде сондай статус болатын), бәрімізге қадірлі де сыйлы азаматша Бектаева Зоя Мұсылманқұлызы апамыз бұйырса тоқсанның төріне шыққалы жатқан көрінеді.



аяқтың сыры кетсе де сыны кетпейді» дегенді атам қазақ міне, осындай жандарға қарата айтса керек, сірә.

Зәкеңнің жары Молдахмет ағаны жұрттың бәрі құрметтеп, Молдан деп атайтын. Марқұм болып кеткен сол ағамызды апай Молдекең деп аялап, сыйлайтынын жақсы білетінбіз. Шолаққорған автотранспорт кәсіпорнының директоры болып қызмет жасаған Молдан аға білікті басшы, ел ағасы ретінде теріскейліктердің есінде қалды. Осылайша, Зоя Мұсылманқұлызы отбасы құндылығының бағасын асыл жарын сыйлаумен биіктетті, түзде білікті басшы, үйде жүрек жылуы мол абзал ана бола білді.

Апайдың біреуді жамандап, сыртынан гайбат сөз айтқанын, біреудің көңілін қалдырғанын көрген де, естіген де емеспіз. Жақсы адамдар сирек қосылды деп жатады. Бір жерден оқығаным бар еді: «Жаратқан

апайды бір мен ғана емес, аудан түгілі, облыс жұртшылығы да біледі,-дедім көкірегімді мақтаныш сезімі кернеп.

Кейіпкеріміз бірнеше рет халық депутаттары аудандық кеңесінің депутаты болып сайланған. Көптеген орден, медальдармен, республика мен облыстың Құрмет грамоталарымен марапатталған. Созақ ауданының құрметті азаматы.

Бектаевтар әулеті-бірқауым ел. Дарыны да, ғалымы да бар, барша мамандық иесі табылады бұл әулеттен. Молдан аға мен Зоя апайдың шаңырағы да өазаны оттан түспейтін берекелі ұя. Бұл үйге кіріп, емен-жарқын отырып, әңгімелесудің өзі бір ғанибет!

Қазақта аңыз болған дана аналар аз ба? Солардың бірі де бірегейі-Дарабоз -Ана екен дейді. Ақылды ананың шын есімі Қалипа екен. Бір-бірінің қадір-қасиетін терең түсініп, құрметтей білген, алты Алашқа ортақ Ескелді, Балтық балаларымыз ақылдың кеніндей болған кеңпейіл сол Дарабоз бәйбіше-

ТЕРІСКЕЙДЕ ТҮЛЕГЕН, АБЗАЛ ЖАНСЫЗ СІЗ ЕРЕН

Соған орай сыйластары тарапынан мейрамы иесіне арнап кітап дайындау ісі қолға алыныпты. Ұйымдастыру жағы інімізге жүктелсе керек. Бір кездегі қызметтесі ретінде апайымыз жөнінде қалам тарту туралы Досыбай Айтбайқылына да өтініш жасалған екен. Бірден алға шығып айта кетейін-сырлы Созақ елі бұл дархан азаматты да өзінің төл ұлындай көреді. Сонау бір кездегі-өткен жиырмамыншы ғасырдың мың да тоғыз жүз сексен бесінші жылы елде қайта құру кезеңі басталған тұста облыс орталығынан алыста жатқан, тарихы терең, әулиелер мен әнбиелер елі Теріскейге келіп, аудандық партия ұйымын басқарған Досекең қалың жұртшылықтың сенімін арқалап, сол кездегі республика Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланғанын өңір жұртшылығы жақсы біледі. Осы жолдардың авторы да кезінде ол кісімен қызметтес болып, тәлім-тәрбиесін алған.

Уәделі мерзімде Досекеңнің өзі де келіп, қолжазбасын тапсырып, біраз әңгімелесіп отырған соң қоштасып шығып кетті.

Сырттан құрмет тұтып жүретін адамның болады емес пе? Ендігі жерде үйге келіп алып, мен ойнайын. Көз алдыма сонау алыста қалған шуақты күндер оралды. Одан бері де қырық жылдан астам уақыт өтіпті-ау. Шіркін, уақыт көші неткен жүйрік еді. «Кезінде апаймен бірге қызметтес болып, тәлім-тәрбиесін, үлгі-өнегесін алдық. Ендеше, ол кісі жөнінде мен жазбай, кім жазады?» деген оймен қолға қалам алдық, құрметті оқырман қауым. Хал-қадерімізше апай жөнінде білетініміз бен ойға түйгенімізді баяндап көрейік.

...Сонау мың да тоғыз жүз сексенінші жалдың бас кезі еді. Созақ аудандық «Молшылық үшін» газетінде қызмет істеп жүрген маған сол кездегі аудандық кеңес атқару комитеті тарапынан қызмет ұсынылды. Алғашқында барғым келмеген. Шығармашылық ұжымдағы еркіндікке үйреніп қалған басым көпке дейін ойлап жүрдім. Ақыры жанашыр ағалардың ақылымен жаңа ортаның есігін имене аттағанбыз. Мұнда бәрі басқаша екен-жұмыс қатаң тәртіпке негізделген, «жоқ» деген сөзді есте айтуға бол-

майды.

Аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы Біләл Намаев аға кабинетіне аппарат өызметкерлерін жинап, ұжым мүшелерімен таныстырып, қызметіме сәт-сапар тіледі. Ұйымдастыру-нұсқау бөлімінде екі нұсқаушы бармыз. Әріптесім Қойбақов Жаңабек деген жігіт екеуіміз бір бөлмеде отырамыз. Жұмыс деген бастан асады, аудандық кеңес атқару комитетіне қарасты 10 ауылдық, 2 поселкелік кеңес атқару комитеттерімен күнделікті хабарласып, қажетті мәліметтерді сұрап аламыз. Төрағаның екі орынбасары бар: алғашқысы Аман Мырзалиев аға да, екіншісі Зоя апай. Әбекөң аса мәдениетті, сыпайы адам. Зәкең өте мәйін, аузынан «айналайыны» түспейтін ашық-жарқын жан. Жауапты хатшы Рысбек Бидәулетов, бөлім меңгерушілері Бекқайдар Мұханов пен Әпен Арыстанов ағайлармен де бірден тіл табысып кеттік.

Білетіндердің айтуынша, Зоя Мұсылманқұлызы мен жолдасы Молдахмет аға екеуі жас маман ретінде жолдамамен алыстағы ауданға келіп, еңбек жолын бастайды. Алғашқында апай аудан орталығы Шолаққорған ауылындағы орта мектепте шәкірттерге орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді. Ұстаздың қабілет-қарымын байқаған аудан басшылығы оны Құмкент ауылындағы Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектепке директоры етіп жібереді. Педагогиканың озық әдіс-тәсілдерін оқу-ағарту саласына кеңінен ендіріп, жоғары жетістіктерге жеткен ұстаздардың ұстазына аудандық партия комитетінің бюросы зор сенім артып, ендігі жерде оны аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне бекітеді. Мен барған тұс апайдың осы лауазымындағы еңбек жолы еді.

Зәкеңнің жоғары мәдениеттілігі, ортада өзін-өзі ұстауы, киім киісі, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі өзі қандай әсем, сұлу болса, сондай көркем. Әлі күнге дейін солай. Кезінде ол өзгелерден де өз ісіне деген кәсібилікті, адалдықты, жауапкершілікті талап етті.

Жаңы да, тәні де көркем жанның сұлулыққа іңкәрлігі ажарына да мәңгі жастық сыйлағандай. «Сырлы

Иеміз бір жақсы, бір жаманнан қосып отырады» дейді. Құдіреттің көзі қалғып кеткенде екі жақсы қосылатын болса керек. Ендеше, апай мен аға да сол соңғылардың қатарынан деген ойдамыз. Алтын асықтай ұлдары мен күміс қасықтай қыздары нан әлденеше немере мен шөбере сүйіп отыр. Ұлы мен қыздары да ата-анасының атына кір келтірмей, әр түрлі салада жемісті еңбек етіп жатыр.

Айтқандайын, Зәкең аудандағы сауда, оқу-ағарту, денсаулық сақтау сияқты әлеуметтік мәселелерге жетекшілік етті. Аталған салалар бойынша Созақ ауданы облыста үнемі алдыңғы қатардан көрініп жүрді.

Есіме мына бір жағдайдың түсіп отырғаны. Жұмыс күндерінің бірінде апайдың қабылдауына бір келіншек келді. Шамасы отбасы мәселесімен шағым айта келсе керек.

-Әй, қалқам,-деді Зәкең оған жұмсақ үнмен,-отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Кінә екі жақтан бірдей болады. Сондай кезде біреуің кешіре салсаң, одан кішірейіп қалмайсың, қайта бір-біріне деген сыйың артады. Ең алдымен, әйелдің еріне деген ілтипаты оны сыйлау білуден бастау алады. Үйінде балаларын күтіп отыр. Күйеу баламен өзін сөйлесемін. Не айтқалы отырғаныңды түсінген боларсың?-деді.

Келіншек төмен қарап, басын изеді. Кейіннен әлгі келіншекті күйеуімен жарасып кетіпті деп естідік...

Айтпақшы, ұмытып барады екенмін, 2022 жылдың тамыз айында Тараз қаласында құдаларда қонақта болған едік. Құда мен құдағидың біреуі Жамбыл облысының бізбен көршілес Сарысу ауданынан екен. Біздің Созақ ауданынан екенімізді білгеннен кейін: «Кезінде қызмет бабымен Сіздердің аудандарыңызда болғанмын. Ұмытпасам, аты-жөні Бектаева Зоя болса керек, аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет істейтін. Өте мәдениетті, сөзге шешен кісі екен. Сол кісі ұмытылмастай болып есімде қалып қойыпты. Танысаңыз, барған соң менен сәлем айтыңыз» деді.

-Неге танымайын, танимын. Зоя

мен оқтын-оқтын ақылдасып отырды артық санамаса керек. Бір күні екеуі Дарабоз бәйбішеге сәлемдесе барғанда бұйымтай сұралады. Сонда Есекең:

-Жеңеше, менің бұйымтайым: осы әйелдің жақсысы мен жаманының айырмашылығы не? Соны білейін деп келіп едім,-депті.

Сонда Дарабоз бәйбіше ойланбастан бірден:

-Көшкенде жүгін артар боталы түйесі болса,

Астына мінетін құлынды биесі болса,

Алдына алған бесігі болса,

Ең асыл, жақсы әйел сол,-деп жауап берген екен дейді.

Мұны айтып отырған себебіміз-Зоя апай да бізге сол Дарабоз Аналардың бізге жеткен сарқытындай көрінеді.

Біздің жазбамыздың кейіпкері қазіргі тағда Шымкент шаһарында ұл-қыздары мен немере-шөберелерінің ортасында бақытты ғұмыр кешіп жатыр. Әдемі қартай білген бекзат болмысты жанның бар тілеуі солардың үстінде. Басқалар секілді мен де өзімді апайдың шәкірті екенімді мақтан тұтамын.

Қазақтың аяулы қызы, белгілі ақын Күләш Ахметова бір өлеңінде:

...Неше жыл жүрсем-дағы жерді басып,

Жайнайды сайын дала сан гүл ашып.

Жыр сүйдім, жігіт сүйдім, ұрпақ сүйдім,

Келінімін Сыр Еліне мәңгі ғашық,- деп жырлаған еді.

Сол айтқандай, біздің кейіпкеріміз де жар сүйген, ұрпақ сүйген, бала келіннен дана келінге айналған, бұл күндері әулеттің, елдің анасына айналған тұлға. Өткен өміріне қанағат сезіммен, бүгінгі өмірге шүкіршілік деп қарап, еңбегінің рахатын татып отырған Зәкеңнің өткен өмірі ұрпағына үлгі-өнеге. Жақсы қартай білген апайға: «Жүз жасыңызды да осы сергек қалпыңызда қарсы алуды Тәңір нәсіп етсін!» дегіміз келеді сөз соңында.

Кәрібай ӘМЗЕЕВ,
Созақ ауданының Құрметті азаматы.

Ауылды жер ақсақалды атасымен, ақжаулықты анасымен және болашағы балалармен көрікті емес пе? Бұрындары ауылдарда бүтіндей ауылға бедел қариялар болатын. Сол тұстағы адамдар өзге бір ауылға қыдырып бара қалса барған жерінің ақсақалдары бірден меймандарынан өз ауылдарының қариялары жайында сұрастыратын. Себебі, сол қариялар арқылы бүтіндей бір ауылды танитын, баға беретін. Баға берген өз алдына ауылға бірлі-жарым қыз айттырып келгендер болса, әлгіндей қариялардың құрметі үшін қыздарын екіленбестен беріп жіберетін. Өйткені, ол ақсақалдар да өздері секілді бүтіндей ауыл аузына қараған баталы қарт екенін, келін боп түскен қыздарына аманатындай қарайтындарына, ешкімнің қиянат етуіне жол бермейтіндеріне сенетін. Тіпті, алыс-жақын ауылдардан жоқ іздеп келгендер болса қонақ ақысы Тәңір ақысы деп қарап, барын алдына тосып, жоғын



атайды. Қазір біздің бабамыздың сағанасы сол қожалар зиратында тайға таңа басқандай көрініп тұр. Кешегі егемендігімізді алғаннан кейін Кеңес уақытында Жетісайда хатшы болып қызмет істеген Үрістемов Төлеген ағамыздың өзінің қолына алып, басшылық жасап осы сағананы тұрғызған екен. Негізінен, біздің бабамыздың есімі Жақып екен. Аңыздарға сүйенсек, атамыз Қожа-Ахмет-Яссауи бабамызбен үзеңгілес болған дейді. Қожа Ахмет Яссауи бабамыз біздің бабамыз Жақып екеуі Сыр бойында бірге атпен жолаушылап келе жатып, бесін намазының уақыты болса керек екеуі аттан түсіп дәрет алып, намазға тұрғанда Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың көзі жайнамазға жақындап қалған қарақұртқа түседі. Бірден дұға жасап байлап тастапты. Намазды оқып біткесін біздің Жақып бабамызға қарап: «Әй, Жақып қожа! Анау қарақұртты мен байлауын байлап едім, енді сен дұға оқып шешіп

Ал мені жағдайым болмағасын әкем марқұм ауылдағы Олжабай нағашымның қолына әкеп тапсырды. Өмірінің осы бір тұсын сағыныспен еске алған әкем: «Ол кезде Олжабай нағашым артелдің басшылығында жұмыс істейтін. Кейін колхоз басқарған кісі болатын. Олжабай нағашымның әйелі Күләштің жақсылығын көп көрдім. Кейін сауаттандыру мектебінде оқып, әріп танып, 1928 жылы Түркістандағы механизатор курсына оқып куәлік алдым. 1929-1930 жылдары Созақ көтерілісінің зардабынан әкем Мәуленхан барлық бауырларымен ауылға көшіп келіп қоныстанды. Арасы бір-екі жылдан кейін ашаршылық басталып елдің берекесі кетті» дейтін. Жұрттың қолындағы азын аулақ малын алып, Қожа молдамен байларға көзі түсіп, мынау Көкшенің құмында шомқора дейтін жерде Темірхан ауылы отырады екен. Сол ауылға Созақ жағынан шыққан қызылдардың әскері келіп қырғидай тиіп, біраз

Қызылкөлдің қожасы еді

түгендеп беріп жіберетін болған. Иә, біздердің үлкен өкінішімізге орай болған. Міне, сондай қариялардан бірі арысы Құмкент, берісі Қызылкөл халқы «Қожа» атап кеткен Зұлпыхар ақсақал еді. Қожа руынан шыққаны үшін ғана емес, өздерін ардақты Пайғамбарымыздың ұрпағымыз дейтін сол тұстағы барша қожа әулетіне тән имандылық, адамгершілігі мен адалдығы және қарапайымдылығы үшін ол кісіні халқы құрметтеп, бүтіндей бір рудың атымен атаған. Тіпті, бертінде дейін ауыл балалары ол кісіні «Қожа ата» деп атап келді. Сөйткен Қожа ата, Зұлпыхар Мәуленханұлы жайлы ұлы Жақсылық көкемізден естелік әңгіме жазып беруін өтінгенім бар еді. Сол, әкесінің намымен өзі де Қызылкөл халқы үшін Қожа атанып кеткен Жақан көкенең аузынан ардақ тұтқан әкесі жайлы жылы лебізге толы естелігін оқырмандарыма ұсынуды жөн көрдім. Тағы бір ескертетін жәйт, Жақан көкеміздің де арақидік өлең және естелік әңгімелер жазатынын ескеріп, әкесі жайлы сағынышқа толы сырлы әңгімелерін өңдеместен, айна-қатесіз бергенді жөн көрдім. Себебі, қайсыбір оқырмандарымыз секілді Жақсылық қария әкесі жайлы жазып беруімді өтінбеді. Керісінше, өз қолымен, өз қаламымен және өзінің қалауымен жазып берген еді. Ендеше, оқыңыздар!

«Кешегі бір өткен қариялардың жүріп өткен жолдарына, көз жіберіп қарасақ, өзінше бір тарих. Соның бірі менің әкем Мәуленханов Зұлпыхар болатын. Сол кісілердің өмір жолдарының белестері ерекше, кейінгі ұрпаққа тәлім тәрбие болатындай әсер беретін. Әкем Зұлпыхар осы Құмкент ауылы Қызылкөл елді мекенінде 1912 жылы дүниеге келген. Әкесі Мәуленхан атамыз, өте сауатты дін жолдарын ел арасында насихаттап, балаларды оқытып, адалдық пен парасаттылыққа жол көрсеткен кісі деп айтып отыратын. Әкемнің анасы осы Қызылкөлдің төресі Құлжанбай деген беделі жоғары халқына құрметті кісінің қызы болған. Бұл кісіден төрт ұл, төрт қыз дүниеге келген екен. Ең үлкен ұлы Отарбай, Олжабай, Ордабай, Құлжабай. Қыздарынан Теңгеш, Сөлкебай, Жаңылай, Нешен. Менің әкемнің анасы Сөлкебай әжеміз болған. Әкем айтып отырушы еді: «Анам Сөлкебай мен сіңілісі Жаңылай екеуі ел ішінде аты шыққан әнші еді. Қыз кездерінде байлар той жа-

сай қалса, Құлжанбайдың екі қызын әкеліңдер той бастап берсін деп, ат шаптырып алдырады екен» деп. Ал үлкен ұлы Отарбайдан кешегі Қара көкеміз және Түгелбай ағамыз. Бұл кісілердің ұрпақтары бар. Екінші ұлы Олжабай көкемізден өкінішке орай ұрпақ жоқ. Үшінші ұлы Ордабайдан кешегі Орынбек ағамыз бен қарындасы Қалбибі бар. Ал төртінші ұлы елге танымал халық ақыны, еліміздің мақтанышы, соғыс ардагері Құлжабай ақын көкеміз болатын. Қыздарының үлкені Теңгеш апамнан кешегі Әбілдаханов Тәжібай ағамыз еді. Әжеміз Сөлкебайдың сіңілісі Жаңылайдан Шаймерден деген ұлы болған. Ол кісілер Келес жақтың Абай деген жерінде тұрады. Төртінші қызы Нешен анамыздан Байжанбас деген ұлы болған және кешегі Алтын қыз еді. Сөлкебай әжемізден әкем

жіберіп деген екен. Жайнамаздың шетінде жатқан қарақұртты нұсқап. Жақып бабамыз әлгі ісініп кеткен қарақұртты көріп: «Жарайды тақсыр» деп, дұғасын оқып біткенде қарақұрт өзінің жобасына келген екен. Міне сол жерден бастап Қожа Ахмет Яссауи бабамыз: «Сен бүгіннен бастап құрт иесі қылауыз қожа болып аталасың» деген екен. Міне, содан бастап бізді ел «қылауыз қожа» деп атайды. Ал, Қылауыздың ішінде «мырзасы» дейді. Кейін осы аталарым қожалық жасап туыстарымен осы жаққа келген дейді. Мәуленхан атамның немере туыстары Абылтай, Міртай, және Әтіш деген аталарымыз болған көрінеді. Барлығы кезінде осы жерге келіп қоныстанған. Төрелермен ағайын болып араласқан кісілер. Кейін сауда саттығы бар деп, ол кезде Созақ орталық болған соң сол жаққа қоныс ау-

жастар оққа ұшыпты. Үлкен ұлы Ысқақ, Барақхан көкеміздің әкесі аяғынан жараланып, атпенен қашып құтылған екен. Кейін сол оқтың зардабынан күнгеі жақта қайтыс болды деп бұрынғы қариялар айтып отыратын. Сол бір қайғылы оқиғадан кейін аман қалғандары ауылға келіп: «Кеткен жастарға жоқтау жазып бер!» деп, әкемнің немере ағасы Әтіш қожаға қолқа салыпты. Ол кісі ақын болған екен. Кейін жоқтау жазып беріп, нәтижесінде ауылдағы қожалар қуғынға ұшырайды. Сонымен қудалауға іліккен төрелері бар, қожалары бар, бір түннің ішінде біразы ақылдасып елден кеткен екен. Сонда әкемді нағашысы Олжабай алып қалған көрінеді. Кейін, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман келсе табысарсыңдар деп. Дегенмен, елден кеткен аталарымыз сол бетпен Терміз қаласының арғы жағындағы Қарсығұзар деген жерге жетіп, жаппай күннің ыстығынан сүзек ауруына душар болып біраз адам сол жерде жан тәсілім етіпті. Соның бірі біздің атамыз Мәуленхан екен. Аман қалғандары Өзбекстанға бет бұрып, сол жақта тұрақ тапқан екен. Әкемді кейін нағашысы Өзбекстандағы туыстарына апарып кездестіріп: «Мына балаға қыз тауып қосыңдар, ер жетіп жігіт болды» деп аманаттаған екен. Енді өзі күнін көріп кетеді деп сенген нағашысы елге қайтқан. Әкем сол жақта бір жылдай болып, анам Әсияны туыстары қосып жіберген екен. 1938-1939 жылдары ауылға келіпті. Ауылға келгесін өзінің мамандығы бойынша механизатор болып жұмысқа кірісіп, өзі қатарлы балаларға трактордың тізгінін ұстатып, үйретіп колхоздың сан алуан жұмысынан қолы босамайды. Бұл жайында әкем: «Техникамызда барлы-жоқтың қасы еді деп отыратын. Әдепкіде пормол, кейін ХТЗ деген трактор келді. Ол кезде талап күшті таңның атасы күннің батысы үй көрмейтінбіз. Біздің көргенімізді сендер көрмеңдер!» деуші еді. Тағы да: «Сол бір тірлікпен шапқылап жүргенімізде атың өшкір соғыс басталып кетті. Елде ер азаматтар майданға аттанды. Повесткамен менде достарыммен военкоматқа барып, қатарда тұр едім. Мұхқанов Ақшал келіп: «Сен не үшін қатарда тұрсың?» деді. - Мен қатарымнан қалмаймын дедім.



Зұлпыхар мен әпшөміз Күлжан еді. Мәуленхан атамыздың өзінен екі інісі болды: Сұлтанхан және Тұрсынхан. Сұлтанхан атамыздан ұрпақ жоқ. Тұрсынхан атамыздан үш қыз болды. Қазір ұрпақтары Өзбекстанда тұрады. Негізі бұрын ата-бабаларымыздың ата қонысы, қазіргі Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Өзгент елді мекені екен. Бізді «қылауыз қожа» деп

дарған екен. Созаққа көшкен кезінде біздің әкеміз 4-5 жасар бала болған.

Созаққа көшіп барғаннан кейін әпшөміз Күлжан 1917 жылы туылған деп отыратын. Кейін анамыз Сөлкебай денсаулығы нашарлап, көп ұзамай о дүниелік болды деп айтатын. Күлжан қарындасымды әкемнің туыстары асырап өсірді дейтін еді. Анам марқұм Қарабура әулиенің түбінде жатыр деуші еді.

Сонда Ақаң: «Сен броньмен қалдың, өлетін бала молаға қашады деп, бұның не сен бұл жаққа керексің. Соғысқа кеткен жандарға ас-ауқат, киім-кешек те керек» деп, қолыма тілдей қағазын беріп мені саптан шығарып алып кетті. Сол Ақаң айтқандай тылда оңай болған жоқ. Жас балдарды, әйелдерді трактордың жөн жүйесіне үйретіп, еңбектен аяңған жоқпын.

Ел іші екі күннің бірінде қара қағаз келіп, қайғы қасіреттен көз ашпайтын. Адамның бәрі күзелісте жүретін. Кейде ат үстінде жүріп қалғып аттан құлай жаздайтынбыз. Майданнан жараланып елге келгендердің жарайтыны болса трактордың тізгінін ұстайтын едік» дейтін.

Сол бір қиыншылық кезеңде, 1940 жылы менен екі жас үлкен қызы Бибіжар-Ажар дүниеге келген екен. Мен болсам 1942 жылы туылыппын. Менің атымды да елде жақсылық болсын деп, Жақсылық қойыпты. Жер өңдеу көктем-күзі тынбай еңбек еттік, комбайн деген жоқ еді. Егісті қолмен жинап, атпен бастырып дәнін алып, ауданға заготзерноға арбамен тасып өткізетінбіз дейтін. Керосинді Сергуден арбамен алдыратынбыз деген еді. 1945 жылдың жеңіс күні хабары жетіп, елдің қуанышында шек болған жоқ. Халықтың бетіне қан жүгіріп, елге майдангерлер келе бастады. Жұмыс барысы да жандана бастады деп отыратын әкеміз марқұм. 1947 жылы менен кейінгі қарындасым Баян дүниеге келді. Сол бір ауыр күндері әлі есімнен кетпейді, себебі, алдымдағы Бибі-Ажар әпкем қарындасым Баян туылғаннан кейін қызылшадан қайтыс болды. Сол жағдайды анамыз марқұм көтере алмадыма, күрт денсаулығы нашарлап жатып қалса керек. Бірде әкем ерте жұмысқа кетіп қалған, Баян сол кезде төрт айлық екен. Көрші әйелдер үйге кіріп, анамыздың о дүниелік болғанын көріп анасын еміп жатқан қызды көтеріп алған екен. Ол кез-

еңбегі Алтынқұл апамызға алғысын жаудырып, Мырзагүл апам жарықтық Баянды өз бауырына алып, біздің де көзіміз ашылды. 1949 жылы күзде әкеміздің жұмыс бабымен Шолаққорғанға көштік. Себебі аудан бойынша техникаларды бір жерден жөндеп шығару үшін МТС ашып, көктемге сақдай сай етіп шығару мақсатында болған. МТС тің директоры Қаратай Көшкінов болатын. Қыстай техниканы жөндеп, ерте көктемнен қарақүзге дейін әкемізді сирек көретінбіз. Жұмыс бабымен қайда жіберсе сол жаққа баратын. Ал мен болсам бастауыш классқа Калинин мектебіне барып оқыдым. Ауылдың Балдысу жақ бетінен қатынап оқитынбыз. Кейін, бесінші сыныптан бастап Алтынсаринде оқыдық. 1957 жылы жаппай совхоздандыру жүйесі жүріп, ауылға сол жылдың күзінде көшіп келдік. Әкем сол өз мамандығымен жұмысын жалғастырды. Мен болсам ауылға келіп совхоздың қара жұмысына жегілдім. Қарындасым Баян оқуын жалғастырды. Мектепті орталықтағы Сәтбаева жақсы бітіріп шықты. Мен 1960 жылы күзде Созақтағы екі жылдық кәсіптік техникалық училищесіне барып, ағаш ұстасы мамандығын 1962 жылы алып шықтым. Дәл осы жылы күзде өзімнің азаматтық борышымды өтеуге әскер қатарына шақырылып, Мәскеу қаласына түстім. Ол кезде әскери міндет үш жыл болатын. Ол жақта да жаман болғаным жоқ, өзіме өмірлік сабақ алдым. Әр мейрам болған сайын мақтау қағаздар алып, кейін ауылға он бес күндік демалысқа келіп кеттім. 1965 жылы күзде өзімнің міндетімді атқарып аман есен ауылға келдім. Сол кездегі жарықтық анамың қуанышында шек болған жоқ. Маған сақтағандарын дастархан үстіне ақтарып, қарынға тыққан сары майын салып ауылдастарды қарық қылған. Апа сарымайды қалай сақтадыңыз десем, шелекке салып құдыққа байлап қоятынмын

өз ортасында қадір қасиеті мол кісі еді. Біздің бала кезімізде әр мейрам сайын сый ақысыз үйге келмейтін. Әлі есімде Шолаққорғанда отырғанымызда бір мейрамда патифон әкелгені. Кейін совхоз болғаннан кейінде мақтау қағаздар алып, заттай сый ақы ретінде Самурын әкелген-тін. Кейін өкімет еңбегін ескеріп, Қазақстан Құрмет грамотасымен, Тылдағы еңбегі үшін медалмен және Ұлы Жеңіс медалдарымен марапатталған. Әкеміздің қалтасынан кішкентай құран кітабы түспейтін. Қолы босай қалса оңашада оқып отыратын. Ата-анамның арманы мені үйлендіріп немере сую болатын. Ол кезде мен совхозда ағаш ұстасы болып жұмыс жасап жүргенмін. Бір күні жұмыстан келсем әкем жарықтық шай басында: «Балам сен осы құмкенттегі Темірбек қарияны танысың ба?» деді. -Мен жоқ дедім. Онда тыңда: «Әр бала ата ананың сөзінен шықпауы керек. Мен сол кісінің қызына құда түсіп келдім» деді. Мен ойланым: «Әке, кеше ғой менің келгенім» дедім. Әкем: «Балам! Ол қыз қазір оқушы, екі-үш айда бітіріп қалады. Ебін тауып сөйлесе бер» деді. Әрине, бір Алланың қалауы болды. Ол кезде қазіргідей қалта телефон жоқ. Тек хат арқылы сөйлесудің сәті түсті. Кейін барып сөйлесіп, екеуімізде ата-анамыздың сөзінен аспадық. 1966 жылы шілде айында ата анасы үйінен ұзатып шығарып салды. Құдай қосқан қосағым Наханова Күміс екеуіміз Загске тұруға барғанда, ол өзінің Наханның қызы екенін сол кезде бір-ақ білді. Оған дейін өзінің әкесін «Жәке» деп жүрген екен. Кешегі қиыншылық уақытта анасы Ұлдаркүл марқұм Күміс дүниеге келгеннен кейін бір екі жыл өткесін айықпас дертке ұшырапты. Артынша қайын атасы Темірбек атамның кемпірі Ұлтуған апамызға келіп: «Ене! Мына қызды сіз алыңыз. Мен мына кеселден қатарға қосылуым қиын, сіз өсіріп, рахатын көріңіз!» деген екен. Күміс

тын медаль» алса, 2010 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен «Алтын алқа» иегері атанды. Құдай қосқан қосағым шуағымен он перзент әкелді өмірге. Үш қыз, жеті ұл. Бұлардан немере шөбере сүйіп отырған жайымыз бар. Үлкенім Рахима, Қайып, Назар, Боранкүл, Нышанғали, Нұрғали, Ерғали, Нағима, Жанғали, Кенже. Осы балаларымды жарықтық ата-аналарым өсірді десем артық айтқандық емес. Өз бойларындағы қасиеттерін сіңіре білді. Ұл-қыздарымның барлығы дерлік аяқтанған. Бұлардан 27 немере 10 шөбере көріп отырмыз. Көктемнің күніндей күлімдеген артық мінез өзінен білінбеген құдай қосқан қосағым ұрпақтарын мәпелеп «гүлім» деп отырады. Міне, ата-анамның тәрбиесі мен алғысы және бір жаратушымыздың қолдауымен балаларым бүгінде еліміздің әр саласында қызмет жасап жатыр. Тек адамның айтқаны бола бермейді. Үлкен ұлым Қайып, марқұм болып кетті. Кешегі тоқырау кезінде Алматы қаласына көшіп кеткен болатын. Сол жақтан там алып, келіншегі екеуі екі қызымен өмір жолдарының тәтті дәмін татып жатқанда жұмыс басында инсульт алып, 33 күн ауруханада жатып, көз жұмды. Бұл ауыр күн 2003 жылдың күзі еді. Қазір Аллаға шүкір сол артында қалған екі қызы Әлима мен Мәдина грантпен жоғары оқу орнын бітіріп, екеуі екі рулы елге тұрмысқа шығып балаларының бақытты анасы болып отыр. Бұған шүкіршілік дейміз. Өмірдің дәмі кетпейтін зәм-зәм суындай мөлдіреген, мейірімін ұрпағына арнаған ата-аналарымыздың барлық жақсылығы көз алдымызда. Елдің де құрметіне бөленген, кешегі әкеміз өзінің білгірлігімен жұмыстың қай саласы болмасын меңгеріп алып кететін. Өзінің бұрынғы жұмысын кейінгі жастарға өткізді. Ол кезде ауылға жоғарғы вольтті линия келмеген. Ауылға жарық беретін дизельді мотор орнатып, ауылды екі үш жыл жарықтандырды. Кейін линия келгесін шопандар арасында моторист болып істеді. 1972 жылы зейнеткерлікке шығып, одан ауыл ақсақалдары имам сайлап, өзінің шамасы келмей қалғанша халықтың сенімін ақтады. Қызылкөлдін Қожасы атанды. Жарықтықтар менінде қарындасым Баянның да ұрпақтарын көріп, біздің тілеуімізді тілеп өз орындарымен әкем 1999 жылдың желтоқсан айында кетсе, анам марқұм 2002 жылы наурыз айында дүние салды. Өкінішке орай, қарындасым Баян балаларының қызығын енді көре бастағанда аяқ астынан екінші ұлы Талғат аяқастынан өмірден өтті. Күйеу балам Тұрсынәлі екеуіне оңай тиген жоқ. Артында бір ұл бір қызы қалды. Қарындасым осы бір жағдайдан кейін еңсесін көтере алмай, арасы біраз жылдан кейін өзі де келместің кемесіне мініп кетті. Өткен жылы күйеу балам Тұрсынәліде дертке ұшырап, қайтыс болды. Әрине, дүниеден өткендерге салауат айтамыз. Тек ұрпақтары аман болсын дейміз. Бүгінде артында қалған ұрпақтары немерелері аман болсын! Қазіргі менің сүйенішім жиендерім. Қайрат, Дина, Пернекүл, Айгүл мен Айнұр және немере-жиендерім Қанат, Бағдат (Талғаттың) ұл-қызы. Ендігі жерде солардың аман болғанын, өмірдің қызығын көргенін Тәңірден тілеймін!

Мінеки, бұл «Қызылкөлдін Қожасы» атанған Мәуленханұлы Зұлпыхар ақсақал жайлы ұлы Жақан көкенің есті естелігі еді. Осындай, әр ауылға көрсеткіш болатын қазаналы қарияларымыздың ізі жоғалмасын! Дүние тұрғаныша тұрсыншы ақсақалды аталарымыз бен ақжаулықты аналарымыз!

Данияр БЕК.



де мен бес жасар, ал қарындасым төрт айлық болатын. Барлық салмақ әкеміздің мойнына түсіп, бір жағы өкіметтің жұмысы бір жағы отбасының жағдайы тығырыққа тіреген екен. Үйдің жанында Ершай деген көкеміз болатын, сол кісінің үйіндегі Алтынқұл апамыз қарындасым Баянды өзінің қамқорлығына алып емізіпті. Ол кезде өзінің ұлы Қадыр бір жастан асып қалған кезі болатын. Шіркін-ай, сол кездегі адамдардың мейірімділігі ерекше болатын. Бізді тумаса да туғандай етіп асырап баққан қаратаулық жиенбет Исабайдың қызы, анамыз Мырзагүлді ұмытпақ емеспіз. Көп

дейтін. Әкеміз де анамың да біздер үшін жасаған еңбегі мен тәрбиесі өмірлік біздің жемісіміз болды. Біздің жас кезімізде әкем марқұм: «Балдарым өздеріңді ұқыпты ұстап, аналарыңның көңіліне тимей, Алланың мейірімін шапағатын қабыл алыңдар!» деп отыратын.

Әлі есімде, кешегі әскер қатарында жүргенімде анам жарықтық үш жылда қаншама поселке маған жіберді десеші. Қыс болса сүрленген жылқы еті, жаз болса неше түрлі жеміс жидек тәттілер келіп жататын. Сонда жанымдағы жігіттер: «Сенің ата-анаң бай –ау, шамасы» дейтін. Әкем марқұм да

мағанкелгенше осы жағдайды білмеген. Бірінші сыныпқа барғанда мұғалімдер: «Әкеңнің атын айт!» дегенде: «Темірбек» деген екен. Сол бетпен аттестатын алғанда Темірбекова болып жазылып кеткен көрінеді. Әрине, кемпір шалдың қызы болған соң ерке мінез қылықтары болады ғой. Ата-анам осы жағын ескеріп, өздерінің тәлім-тәрбиесін қызындай көріп, бойына сіңіре білді. Ата-анамның алғысын алып, өмірдің өлшеусіз қызықтарын көріп жатқаны бар. Бүгінде бақытты ана, аяулы әже. Кешегі, Кеңес заманында бала жөнінен ардақты ана ретінде «Ал-

Іс-шара өтуде

Түркістан облысы полиция департаментінің 24.03.2023 жылғы №1-30-4-31/2457-И санды нұсқауына және Созақ аудандық полиция бөлімі Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің Ювеналды полиция тобының құқық бұзушылықтың алдын-алу, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау шараларын жүргізу барысында атқаратын жұмыстарының 2023 жылғы 1-тоқсанға арналған жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың 27-29 наурыз күндері аралығында, кәмелетке толмағандардың қатысуымен немесе оларға қатысты жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруісіз тұрғын жайдан тыс және ойын сауық орындарында болу фактілерін анықтау және жолын кесу мақсатында аудан аумағында «Түнгі қаладағы балалар» жедел профилактикалық іс-шарасын өткізілуде.

Іс-шараның мақсаты-құқық бұзушылыққа бейім кәмелетке толмағандарды және балаларына теріс тәрбие беретін ата-аналарды анықтау, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына және түнгі уақытта заңды өкілдері еріп жүрмеген кәмелетке толмағандардың тұрғын жайдан тыс жерлерде болуын анықтап, алкогольдік ішімдіктерді пайдаланатын кәмелетке толмағандарды, сонымен қатар оларға алкогольдік ішімдік сату арқылы қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тартатын ересектерді анықтап оларға тиісті шара қолдану, кәмелетке толмағандардың сабақ уақытында қатыспай қашып жүрген оқушылар анықтау көзделген.

Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу көбіне жасөспірімдердің бос уақытында ұйымдастырылатын әртүрлі қызметтердің жұмыс сапасына байланысты. Сондықтан баланы мәдениет, ойын-сауық, спорт және туризм мекемелерінің, әлеуметтік қауіпті жағдайда тұрған кәмелетке толмағандарды көркемөнер, техникалық, спорт және т.б. үйірме, секцияларында үйренуге тартуға баулуы басты міндет.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу, оларды болдырмау және құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында Созақ ауданының тұрғындарын «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық іс-шарасына қатысуына шақырамыз және қандай да ақпарат көздері немесе мәліметтер болған жағдайда Созақ АПБ-не «102», «102 SOS» немесе «4-14-02» телефондары арқылы хабарласуларыңызды сұранамыз.

Р.УӘЛИЕВА,

Созақ ауданы полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі Ювеналды полиция тобының инспекторы, полиция капитаны.

Жеке және заңды тұлғалардың назарына!

Фитосанитариялық есептілік туралы Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2022 жылғы 3шілдедегі N331 Заңының 3-бабында өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері көрсетілген. Өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1. мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
2. қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету және фитосанитариялық-шаралар жүргізу кезінде пестицидтердің адамдардың денсаулығына зиянды әсерінің ауыл шаруашылық өнімімен қоршаған орта ластануының алдын алу және оларды болдырмау.

Осы Заңның 10-бабында өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органның ведомствосына есептілік табыс етеді деп көрсетілген. «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңның 11-бабында қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында қызметті мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар өз аумақтарында фитосанитариялық мониторингті жүзеге асыруға және зиян тигізудің экономикалық шегінен көп зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер анықталған жағдайда фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге міндетті екені жазылған. Аталған заңның 13-бабында қызметті мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фито-

санитариялық есепке алуды жүргізеді және уәкілетті органның ведомствосына фитосанитариялық есептілікті табыс етеді делінген. 14-5 баптың 3 тармағында қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алуды жүргізуге және уәкілетті органның ведомствосына есептілікті табыс етуге міндетті екендігі айтылған. Сондықтан, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 403-бабында Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзу, атап айтқанда, фитосанитариялық есептілікті ұсынбау, сол сияқты уақытылы ұсынбау жеке тұлғаларға-бес, лауазымды адамдармен шағын кәсіпкерлік объектілеріне-он бес, ірі кәсіпкерлік объектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне айыппұл салуға әкеп соғатындығын ескертеміз. Сонымен қатар, Созақ ауданының аумағында жеңілдетілген бағамен улы химихатар (пестицидтер) алған немесе басқа да жолмен сатып алған жеке және заңды тұлғалар әр айдың 10-на дейін Созақ ауданы, Шоллақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 19 үйде орналасқан Созақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына фитосанитариялық есептілікті тапсыру қажеттігін ескертеміз.

А.УАЛИЕВ,
ҚР АШМ АӨК МИК ТО
Созақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыру-бұл әскери міндеттілік негізінде Қарулы Күштерді жеке құраммен жасақтауға бағытталған мемлекеттік органдар жүргізетін іс-шаралар кешені.

Осыған байланысты аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі Қазақстан

2.Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдарға қойылатын талаптар

1.Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдар мынадай талаптарға сай келуге:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығына ие болуға;

2) әскери лауазымға сәйкес келетін әскери-есептік мамандығы болуға.

2.Келісімшарт бойынша әскери қызметке:

Келісім шарт бойынша әскери қызмет-абыройлы міндет!

Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 37, 40 баптарына сәйкес запастағы офицерлерді және запастағы сержанттар мен сарбаздарды 2023 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің төменде көрсетілген әскери бөлімдерінің бос лауазымдарына келісімшарт бойынша әскери қызмет етуге іріктеу жұмыстарын жүргізуде.

Запастағы офицерлерді және запастағы сержанттар мен сарбаздарды:

-Ақкөл қаласындағы 55209 әскери бөліміне

-Астана қаласындағы 48411 әскери бөліміне төмендегі мамандықтар бойынша келісімшарт бойынша әскери қызметке шақырады:
-медициналық пунктің бастығы (10 төсек)-хирург;
-МТО ротасының терепевті-дәрігер;
-кіші медициналық мамандар;

-әндіріс және құрылыс жұмыстарын қамтамасыз ету мамандары.

1.Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт

Келісім шарт бойынша әскери қызмет осы Заңның 6-тарауының 37,40 баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы Қарулы Күштердің уәкілетті лауазымды адамымен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасады.

Келісімшарт ерікті түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екі тарап арасында жазбаша түрде жасалады.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшартта азаматтың әскери қызметке кіруінің еріктілігі, азаматтың әскери қызметті өткеруге міндеттенген мерзімі және келісімшарттың басқа да талаптары бекітіледі.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттың талаптары азаматтың келісімшартта белгіленген мерзім ішінде Қарулы Күштерде әскери қызмет өткеру міндеттілігін қамтиды. Келісімшарт талаптарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен өтемақылар алуы қоса алғанда, азаматтың өз құқықтары мен өзінің отбасы мүшелері құқықтарының сақталуына қамтамасыз етіледі.

Запастағы офицерлер әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалған тәртіппен тиісті әскери-есептік мамандығына ұқсас лауазымға келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге құқылы.

1) сот әрекетке қабілетсіз шектеулі деп таныған;

2) әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес әскери қызмет міндеттерін орындауға кедергі келтіретін ауруы бар;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді өзіне қабылдаудан бас тартқан;

4) бұрын сотталған және ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықпен босатылған не оған қатысты қылмыстық іс қозғалған;

5) әскери қызметке кіре алдындағы екі жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған;

6) әскери қызметке кіргенге дейінгі үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

7) тұрғылықты жері бойынша; ішкі істер органдарынан анықтама;

8) жергілікті ҰҚК-нен экстремистік және террористік ұйымдарда тіркелмегендігі туралы анықтама;

9) интернатураны аяқтағаны туралы анықтама сәйкес сертификаты (медицина қызметінің мамандарына)

10) әскери қызметке кіргенге дейінгі бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

11) егер босатылған күннен бастап үш жыл өтпеген болса, мемлекеттік қызметтен немесе әскери қызметтен теріс себептер бойынша босатылған адамдар қабылданбайды.

3.Келісімшарт мерзімі және оны жасасу тәртібі

1.Әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт:

1) үш жылға-әскери қызметке алғаш кіретін адамдар үшін;

2) бес жылға;

3) он жылға;

4) әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін.

4.Жеңілдіктер

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 8-тарауында әскери қызметшілерді және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері қарастырылған.

Соның ішінде, әскери қызметшілерге ақшалай үлес, жәрдемақылар мен басқа төлемдер төлеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, жемалыстары, мемлекет есебінен медициналық көмектермен қамтамасыз ету және тағы басқалары бар.

Аталған заңның 44-бабы-

ның 8-тармағына сәйкес, әскери қызметшілер мемлекет есебінен қызметі бойынша ауысқан, әскери қызметтен шығарылған кезде, стационарлық емделуге барған және кері қайтқан кезде теміржол, әуе, су және автомобиль көлігімен жол жүруге, сондай-ақ қызметі бойынша көшіп-қону кезінде он тоннаға дейін жеке мүлкі тасымалдауға құқылы.

Осы заңда көзделген жағдайларда әскери қызметшілерге Қазақстан Рес-

публикасының аумағы бойынша көлікте жол жүруге және пошта жөнелтілімдеріне арналған басқа да шығындар өтеледі.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер қашықтағы 100 шақырымнан астам бір елді мекеннен басқасына қоныс аударуға байланысты қызмет бабымен ауысқан кезде (оның ішінде әскери бөлім немесе бөлімше құрамында) оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай қаражат және онымен бірге қоныс аударған әрбір отбасы мүшесіне айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөлшерінде көтерме жәрдемақысы төленеді.

Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету тәртібі заңның 45-бабында қарастырылған.

Тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілер мен олармен бірге тұрақты тұратын отбасы мүшелері-жұбайы (зайыбы); ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің кәмелетке толмаған (асырап алынған, асырауында немесе қамқорлығында болатын) балалары, күндізгі оқу нысаны бойынша білім беру ұйымдарында оқитын жиырма үш жасқа толмаған балалары және жұбайының (зайыбының) балалары; он сегі жасқа толмаған мүгедек балалар және әскери қызметшінің асырауындағы ата-аналары мемлекет есебінен әскери қызмет өткеру кезеңінде тұрғын жаймен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Сонымен қатар:

-айына бір рет коммуналдық төлемақы (тұрғын үй, сымтетік, су ақысы);

-киім-кешек мүлкімен жабдықтау нормалары, жұмыс киімі (әскери киім) тегін;

-жылына бір рет негізгі ддемалысқа шығар кезде екі айлық көлемінде ақшалай көмек (емдеу-сауықтыру);

-тұрғын үйді жалдағаны үшін кепілді өтемақы;

-офицерлердің ақшалай үлесі;

-көтерме жәрдемақы, үстеме және басқа да кепілдіктер;

-ауруханаларда, әскери госпитальдарда әскери қызметшілердің жанұясына емделу тегін.

Егер Сіз, өз тағдырыңызды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерімен байланыстырғыңыз келсе, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен хабарласыңыз.

Байланыс сымтетігі 4-15-92.

Жемқорлыққа қарсы жігерлі іс-қимыл

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың деңдеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Айнұр УТЕБАЕВА,

Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының кадрлық қызмет және құқықтық ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы.

Сыбайластықтың алдын алайық

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою. Кез келген ер-ниетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады. Әрине, ең алдымен бүгінгі адал ұрпақ тәрбиелеу-қай уақытта болса да өз маңыздылығын жоғалтпаған мәселе. Өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін, әр отбасынан бастап, халқының мүддесін өз мүддесінен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген ұрпақ тәрбиелеу-басты міндет. Болашақ ұрпағымызды адалдыққа үйретуіміз керек. Тәрбие тал бесіктен басталады деген қазақ, егер кішкентайынан баланың санасына адалдық, жауапкершілік, отаншылдық қағидаттарын сіңіретін болсақ, есейген кезде оның бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптасады.

Қоғамда сыбайластыққа қарсы насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Халқымызда еңбекпен тапқан нан тәтті деген асыл сөз бар. Қай кезде де адамды адам ететін адал еңбектің құндылығы жоғалмайды. Бірақ Мемлекеттің дамуы үшін адал еңбек етіп, табан ақы мандай термен тапқан табысты қанағат тұтып, адалдық арынан аттамау мақсатын алға қойған абзал.

Сәкен ІЗБАЛАЕВ,
Мемлекеттік сот орындаушысы.

Дала өрттерінің себептері және алдын алу іс-шаралары

Көктем келген сайын өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты қорық қызметкерлерінің жұмысы да қыза түседі. Қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстарын тұрақты жүргізу қажет.

Ауданымызда күн жыли келе дала өрттерін болдырмау мақсатында қорық қызметкерлері тарапынан біршама жұмыстар атқарылуда.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Тұрғындардың өрт қауіпсіздігіне селсоқ қарауы салдарынан дала өрттері орын алып, қаншама жер күлге оранатыны жасырын емес. Қоршаған ортаны өрттен қорғау-әрбір азаматтың қасиетті борышы. Табиғат аясына демалуға шыққанда өртке абай болғаны абзал. Өрт қоршаған ортаға қыруар зиян келтіреді. Орман алқаптарын, жайылымдарды жарамсыз етеді. Сондықтан барынша өрттің алдын алуға дайын болуымыз керек.

«Сақтансаң сақтаймын» дегенді дана халқымыз бекер айтпаған ғой. Сақтық шараларына мән беріп, таулы алқаптарды, орманды, жайылымдық жерлерді өрттен қорғауда жергілікті халық табиғатқа жанашырлық таныту керек.

Сатқан ӘЛІМБЕКОВ,
«Қаратау» қорығының инспекторы.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Қарағұр жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Досыбаева Қарлығашқа анасы

Нәзкеннің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Құрметті ата-аналар, ұзақ уақыт компьютердің алдында отыру, біріншіден, баланың ой-өрісінің дамуын шектесе, екіншіден, оның мінез-құлқының өзгеруіне, логикалық ойлау қабілетінің бірте-бірте төмендеуіне әкеліп соғады, баланың, ақыл ойының дамуын тежейді. Компьютердің алдында үзіліссіз жұмыс істеу баланың қан

ны сыйлау қабілеті азаяды. Осылайша жалғаса берсе баланың әдеби кітаптарға, ізгілік қасиеттілік ойындарға қызығушылығы төмендеп, компьютерге тәуелділікке әкеліп соғады. Сонымен бірге соңғы кезде ұялы телефон арқылы интернет жүйесімен тілдесу де оқушылардың және жастардың сүйікті ісіне айналды. Ал ұялы

-баланың ұйықтайтын бөлмесіне теледидарды да, компьютерді де мүлдем қоймаған дұрыс;

-компьютерді баланың көңілін көтеретін құрал ретінде пайдаланып, бөлменің теріне қойып үйдің ең маңызды құралына айналдырмаңыз;

-компьютермен жұмыс істегенде реттелетін кресло неме-

Бала денсаулығына компьютер және ұялы телефондардың кері әсері

қысымын көтереді және миопия, (көз жанарының алыстан немесе жақыннан көру қабілетінің төмендеуі) құлақтың есту қабілетін төмендетеді, баланың ұйқысы бұзылып асқақ тәбеті болмайды. Ал, ұйқысы қанбаған баланың зейіні төмендейтіні белгілі. Сонымен қатар, омыртқаға көп күш түсетіндіктен сколиоз (омыртқа буынының қисаюуы) омыртқа ауруына шалдығуы мүмкін бұған қоса электрленген сәулелер саусақ ұштарына әсер етіп, қолдың буындарына зақым келтіреді. Компьютерлік ойындардың негізгі түрі атысшабыс, төбелес болып келеді.

Бала сыртқы дүниені ұмытып, соғыс немесе сатырлаған төбелестің ортасында жүреді. Осындай кездерде баланың жүйке жүйесі бұзылып, ашу-ызаға жол береді. Бірте-бірте баланың бойындағы мейірімділік, ізгілік қасиеттері, ата-ана-

телефонды да пайдалану кезінде электромагниттік толқындардың өте зиянды әсері бар екендігіде дәлелденіп отыр

Сондықтан да жоғарыда айтылған жағдайларды ескере келіп, баланың денсаулығын сақтаймын десе ата-ана төмендегідей жағдайларды бұлжытпай орындағаны дұрыс.

-4 жастан - 6 жасқа дейінгі баланы компьютерге мүлде үйретуге болмайды;

-бала 7 жасқа толғаннан кейін ғана аптасына 2 рет 10 минут қана компьютермен жұмыс жасағаны дұрыс;

-1 және 4 сынып оқушылары тәулігіне 15-20 минут, 5 және 8 сынып оқушылары тәулігіне 20-25 минут, 9 және 11 сынып оқушылары 30 минуттан артық отырмауы керек.

-бала монитордан 70 см қашықтықта жұмыс істегені жөн компьютер тұрған бөлме жарық болғаны дұрыс.

се орындықты қолданыңыз; -егер компьютерде 2 сағаттан артық отыратын жағдай туындай қалса, арнайы көзәйнекті пайдаланыңыз;

-баланың үй тапсырмаларын орындамай тұрып компьютер пайдалануына шек қойыңыз;

-компьютер тұратын бөлмені уақыт өткен сайын желдетіп отыру.

Кез-келген ата-ана балаларына компьютердің зияны туралы уақыт сайын ескертіп отырғаны дұрыс. Жалпы шамадан тыс компьютерден алдында отыру баланың ғана емес, үлкеннің де жүйкесін жұқартып, жоғарыдағы аталған дерттерге әкеліп соғатынын есте ұстаған дұрыс.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Құс тұмауынан сақтанайық!

Жоғары зардапты құс тұмауы – бұл шұғыл өтетін, шапшаң жойылғыш вирусты, тыныс алу жүйесінің қызметтік реттілігін жоятын, қысқа уақыт ішінде тіршіліктен айыратын жұқпалы ауру. Бұл ауру қолда ұсталынып жүрген үй құстары, жабайы қанаттылардың барлық түрін қамтиды, құс атаулысы онымен ауырады. Бұл аурудың негізгі ошағы – басы, көзі ауырған және ауырып өлген үй құстары болып табылады.

Ауруға шалдыққан құстарды қалай аңғарып анықтауға болады және оның пайда болу белгілері қандай?

Құстың тәніне вирус енгеннен соң 3-5 күндер ішінде белгі беруі мүмкін. Құстың суы, жемі азайып қоңы төмендеген кезде вирус күшіне еніп, аурудың белгілері білінеді. Құстың қозғалысында нашарлық сезіліп, ыстығы көтеріліп, жемденуі төмендейді. Ас қорыту, тыныс алу жүйелері бұзылып, мұрнынан су ағып, қырыл пайда болады. Өлуден алдын олардың бастарындағы айдары мен сырғасы көгеріп, бозарып кетеді. Аурудың белгілері лабораториялық зерттеулер арқылы анықталады.

Бұл адам, жануарлар әлеміне ерекше қауіпті аурудан тыс қалуға, оны жоюға көпшіліктің ынта-ықыласы, жауапкершілігі болу керек. Ең бастысы ветеринариялық ереже талаптарының мүлтіксіз орындалуы қажет. Олардың ішінде мына талаптар назардан тыс қалып, ұқыпсыздықтың тұзағына түспеуіміз тиіс. Әрбір тұрғын, құс асыраушысы, жануарлар дүниесін қорғаушылар үй құстарының жабайы құстармен араласуын болдырмау, құстардың орын ауыстыруына бақылау күшейту, әртүрлі топтағы құстардың жекелеген оңаша орналастыруын қамтамасыз ету, құс тұратын орындарды мұқият тазарту және толық дезинфекциялық жұмыстардың дер кезінде сапалы жүргізілуін қамтамасыз етулері тиіс.

Жоғары зардапты құс тұмауына күдік туындаған жағдайда ветеринариялық зертханаға жаңа өлген құстың өлекесін немесе құстың өлер алдындағы жанталасуы кезінде сойылған денесін (5 бас) болмаса мүшелерінің (бас, ми, өкпе, қара талақ) тоңазытылған күйінде немесе 50 пайызды глицерин ерітіндісімен консервация жасап, ауруға күдікті құстың сарысуы тексеруге жіберілуі қажет.

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің, Халықаралық эпизоотиялық бюросының жедел хабарламаларында көптеген шет мемлекеттерде құстардың жоғары патогенді құс тұмауы тіркелуде.

Жоғары зардапты құс тұмауы орын алып, көрініс тапқан жағдайда белгіленген заңдылыққа сәйкес Ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынысымен жоғары зардапты құс тұмауына байланысты қауіпті деп жариялап, карантин қойылуы тиіс. Қазірше біздің ауданымызда құстардың аса қауіпті тұмауының белгілері көрініс тапқан жоқ. Әйтсе де халқымыздың «Сақтансаң сақтаймын», «Сақтықта қорлық жоқ» - деген өмірлік мәні мен маңызға ие қағидасының тұжырымдарын назарда ұстап, ескергеніміз жөн!

Ж.СЕЙДІРАХЫМ,
ҚР АШМ ВБЖҚК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы бас маман - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.

Тағамнан уланудан сақ болайық!

Тағамнан улануды арттыратын тез бұзылатын тамақ өнімдері тобына жататын ет, балық өнімдері және майонезбен әрленген салаттар. Және де осы топқа жататын десерттер, май және қаймақ кремдерімен әрленген торттар. Бұл өнімдер ауру тудыратын таяқшалардың тез көбеюіне өте ыңғайлы орта болып табылады. Осындай тағамдардың, әсіресе, майонезбен әрленген салаттардың тоңазытқышта сақталуы 24 сағаттан аспауы тиіс. Егер салаттар әрленбеген болса, оның тоңазытқышта сақталуын 2 тәулікке дейін ұзартуға болады. Алайда, бұл ет, шұжық, жұмыртқа қосылған күрделі салаттарға қатысты емес, күрделі салаттарды әрленбеген күннің өзінде, тоңазытқышта сақталуын бір күннен асырмаған дұрыс. Тамақтан уланудың алдын алу үшін тағамды дайындау және сақтау барысында бірқатар ережелерді сақтау қажет. Егер тағам ет өнімдері мен фарштан жасалса, аталған өнімдерді жеткілікті термиялық өңдеуден өткізу қажет. Котлет пен еттен дайындалған рулеттерді дайындау барысында технологиялық өңдеудің талабына сәйкес, қажетті деңгейде қыздырып, пісіру қажет, керісінше, бұл процедураның орындалмауы, тағам арқылы ауру таяқшалары және вирустарымен жұқтыруға ықпал етеді. Егер тез бұзылатын тағам өнімдері дүкендерде термометрмен жабдықталған тоңазытқыштың сөрелерінде сақталса, онда оның сақталуының нормалық температураға сәйкес келуіне назар аударған жөн. Дүкендерден майонез және қаймақпен әрленген, өлшеніп сатылатын салаттар жиі сатылып алынады. Тамақ дайындауға көбірек уақыт бөле отырып, өз жанұяңызды денсаулығы үшін, балғын және қауіпсіз тағамдармен қамтамасыз еткеніңіз жөн. Егер тәулік бойы жалпы аурушаңдық жағдай жақсармай, керісінше, дене қызуының көтерілуі, тоқтамай құсу және іш өту белгілері күшейіп, аурушаңдық жағдай нашарлай бастаса, бұл жағдайда міндетті түрде дәрігердің көмегіне жүгіну қажет, ал аурудың асқину жағдайында «жедел жәрдемді» шақырған дұрыс.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Парсы тілінде «Жаңа күн», ал, Түркі халықтарында жыл басы деген ұғымды білдіретін наурыз мерекесі биыл ауданымызда үстіміздегі айдың 22 күні тойланды. Шолаққорған ауылындағы орталық алаңда өткен көктем мерекесінің көркін жағалай тігілген ақшаңқан киіз үйлер кіргізе, көрігін де ұлттық спорт түрлері қыздырды. Әрине, үлкендер жағы аудан әкімдігінің алдына тігілген сол ақшаңқан үйлерге бас сұғып, көже ішіп, бас мүжіп, бата беруді және мерекелік концертті тамашалауға келетіні анық. Ал, жастар жағын меніңше бәрінен



бұрын осы спорттық ойындар қызықтыра керек. Олай дейтінім, алаңда сол күні ересектерге қарағанда жастардың қарасы көп болды. Сонымен, Созақта өткен ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған ұлттық спорт ойындарының барысы жайлы мені ауданымызда Гір спорты үйірмесінің ашылуына мұрындық болып, осы салада біраз жылдардан бері бапкерлік етіп жүрген ардагер спортшы Серікбаев Мұрат хабардар еткен болатын. Себебі, орталық алаңға баруын барсам да менің онда қалуым көп уақыт алмады. Нақ сол көшемізде де көршілеріміз-

бен Наурыз мерекесін тойлап жатқандықтан спорт ойындарын тамашалауға мүмкіндігім болмаған еді. Содан ардагер бірінші, бапкер баһадүріміз Мұрат Тұрсынбайұлының айтуынша:

Гір көтеру спортынан +70 салмақ дәрежесі бойынша Мақсатұлы Бақыт 1-орын (Ы.Алтынсарин мектебі) иеленген. Сондай-ақ, осы салмақта Қабылбек Ержан 2-орын (А.Сүлейменов) алған. Ал енді, осы салмақта Бекен Динислам 3-орынды (Т.Әлімқұлов) місе тұтты.

Тағы да Гір көтеру спортынан 70 кг салмақ дәрежесі бойынша Болат Нұрсұлтан 1-орыннан көрініп (Т.Әлімқұлов мектебі), жеңімпаз атанды. Осы салмақта Тілеген Өскен 2-орынды (А.Байтұрсынов мектебі) иеленді. Сонымен қатар, осы салмақта сынға түскен Өтеген Бекжан 3-орынға (А.Сүлейменов мектебі) табан тіреген. Сондай-ақ, ауыл тұрғындары арасында бір көтеру спортынан Құрманбек Самат 1-орын Жарты-Төбе ауылы, Тұрсынбай Әлібай 2-орын Жарты-Төбе ауылы, Жүсіпов Наурыз 3-орын Қайнар ауылынан. Ал, қол күресі бойынша 70 кг салмақ дәрежесі бойынша Шитбаев Асылжан 1-орынды (Н.Төреқұлов мектебі) жеңіп алды. Тағы осы салмақ дәрежесі бойынша Алыпбек Нұрбақыт 2-орынды (Абай ауылы) иеленсе, нақ осы салмақ дәрежесі бойынша Тілеген Елнұр 3-орынға (А.Байтұрсынов мектебі) қол жеткізді. Тағы да қол күресінен +70 кг салмақ дәрежесі бойынша Керімбек Ернар 1-орынды (Кәсіпкерлік мекемесінен) иеленді. Сонымен қатар, осы салмақ дәрежесі бойынша Шитбаев Асылжан 2-орынды (Н.Төреқұлов мектебі) иеленсе, Тілеген Елнұр 3-орынды (А.Байтұрсынов мектебі) місе тұтты.

**Данияр
ҚҰЛ-АХМЕДУЛЫ.**

Сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдары мектеп бітіргеннен кейін шаруашылықта қалып еңбек еттім. Сол кездері жастар шаруашылықта жұмыс жасап, шыңдалып барып оқуға түсетін. Күні бойы қой бағып жүргеннен кейін ермегім газет-журнал, кітаптар және кішкентай қалта радио қабылдағыш. Осыларды жанымнан тастамаймын. «Шалқар» бағдарламасынан күні бойы концерт, танымдық хабарлар көп береді. Бір күні таңертеңгісін Бекберген Ізбалаев жайлы шағын концерт хабар тыңдармандарға ұсынылды. Әншінің әні жүрегімді баурап, ерекше сезімге бөледі. Әлгі әуенте өзім де ыңылдап қосылып қоямын. Шыны айтқанда әншінің дауысына ғашық болдым. Тағы сол концертті қайталап берсе екен деп ынтыға күттім. Қазақ радиосының алтын қорында сақталған екен, кейін қайталады.

Содан арада сынаптай сырғыған жылдар өтіп, жоғары оқу орынын бітіріп келіп, Көктөбе



Бекбергеннің белестері

ауылындағы Суындық мектебінде директордың орынбасары болып қызмет атқардым. Білім жасында кілең жастар еңбек еттік. Бір-бірімізбен жасымыз деңгейлес болған соң бірлігіміз жарасып, шәкірт тәрбиелеу ісін жоғары деңгейде жүргіздік. Аудан көлемінде талай шараларды өткізіп, алдыңғы қатардағы мектептердің санатында болдық.

Бір күні әріптесім Талапбек Жұмағұлбаев: - Сәке, ертең үйге Бекберген досым келе жатыр, бірге бол, онымен таныстырайын,- деді.

-Іле-шала Ізбалаев па?- дедім.- Дәл соның өзі,- деді Тәкең. Қуанып кеттім. Неге қуанбасқа? Өзім әніне ғашық болған кісімен кездеспекпін. Міне, керемет!

Ертесіне кешкілік Талапбектің ауласында қонақты асыға күтіп тұрдық. Көп күттірмей күткен кісіміз де келіп жетті. Жанында жұбайы бар екен. Талапбектің жары Гүләсия дастарханды кеңінен жайыпты, ас мәзірінде құстың сүтінен басқаның бәрі бар.

Шай үстінде Талапбек Бекберген екеуімізді бір-бірімізге таныстырды. Ашық-жарқын азамат екен, бірден өзіне баурап алды. Мен

гері. Мәдениет саласының үздігі, республикалық, облыстық байқаулардың жүлдегері.

Жергілікті және танымал композиторлардың әндерін нәшіне келтіріп орындайды. Ерекше дауыс иесі. Талай шәкіртін тәрбиелеп, қанаттандырды. Олардың көбісі қазақ өнеріне танылған. Үнемі ұстаздары Бекбергенді мақтан тұтады. Сегіз қырлы, бір сырлы азамат Теріскейдің талантты тұлғасы. Аудан мәдениетіне қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Отбасында өмірлік жары Риза екеуі ұл-қыздар өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған. Немерелері шаңырағын шаттыққа бөлеп жүр. Өнер адамы болғаннан кейін үйлерінен қонақ үзілмейді. Қашан барсаңыз да қазаны қайнауы, дастарханы жайнаулы тұрады. Меймандостығы айтпай-ақ сезіледі.

Бекберген талай жақсылар мен жайсаңдар мен сырлас, сыйлас болған. Танымал тұлғалар жайлы естелік әңгімелерді керемет шертеді. Олармен қалай танысқанын, шығармалары туралы мөлдір сырларын айтады. Бекберген жүрген жерде үнемі ән бесігі тербеліп тұрады. Отбасылық отырыстарда, мерекелік жиындарда Бекең әндерін шырқап са-



әңгіме арасында оған салған әніне құштар екенімді айттым. Сол күні таңға дейін Бекбергеннің әнін тыңдап, өзіме үлкен рухани азық алдым. Ертесіне шәкірттерімізбен кездесу ұйымдастырдық.

Сол алғашқы таныстықтан кейін Бекберген екеуіміздің аразмыз достыққа жалғасты. Содан бері отыз жылдан астам уақыт болыпты. Бұл күндері Бекең пайғамбар жасының есігін қағып тұр.

Бекберген Ізбалаев ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып келеді. Мектептерде қатардағы мұғалімнен бастап, директор, «Мыңжылқы» мәдениет үйінің директоры, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының жетекшісі, Шолаққорған ауылының әкімі қызметтерін атқарды.

Қазір аудандық саз мектебінің басшысы. Бірнешеулеген мемлекеттік наградалардың ие-

лып, маңайын әнмен әлдилейді.

*Беке, келдің пайғамбардың жасына,
Отырғызып Ризаны қасыңа.
Өміріңді өнерменен өрнектеп,
Шықтың бүгін Қаратаудың басына.
Қырандайын биіктерге самғадың,
Керемет қой әсем әнге салғаның.
Әлділей бер, Теріскейді әніңмен,
Домбырада жорғаласын бармағың,
Мақтанышың достарыңа, халыққа,
Аман жүргін көтеріңкі қалыпта.
Әулетте шырқай бергін әніңді,
Зейнет жаста ән салудан жалықпа.
Әсем әуен көңілдерді тербесін,
Шабыт шалқып биіктерге өрлесін.
Бойыңдағы таудай талант тұрғанда,
Досым-ау сен, ылғидағы төрдесің.*

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
**Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
**161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.